

# Арқан тартыста – Аққайнар үздік

Аудан орталығында өткен Наурыз мерекесінде гiр көтеру, бал көтеру, арқан тартыс, кол күресі сияқты ұлттық спорт және ойын түрлерінен сайыс ұйымдастырылды.

Ең алдымен, алаңда білекті де шымыр жігіттердің арқан тартысы өтті. Бұнда доға ауылдық округтер, аудан орталығындағы мемлекеттік мекемелер өзара сынға түсіп, шын мықтыны анықтады. Арқан тартысына Аққайнар, Қызыл Жұлдыз, Барлық, Қабырға, Жаңа Үлгі, Топқайын, Катонқарағай ауылдарының құрама командалары, сондай-ақ С.Ластаев атындағы орта мектебі, аудандық төтенше жағдайлар мен полиция бөлімдері, “БЭСК” (Алтай-нерго) мекемесі қатысты. Тартысты сайыста бірінші орынды Аққайнар ауылы, екіншіні Жаңа Үлгі, үшінші орынды Қызыл Жұлдыз ауылының командасы иеленді.

Бал көтеру сайысында қатысқан 10 адамның ішінен шыңғастайлық Дидар Асқаров үздік атанды. Ол құтыларға құйылған 30 келі балды басынан асырып 50 рет көтеріп, қарсыластарын басып озды. Екінші және үшінші орынды бұл сайыста Болат Төренев пен Аманжол Мейменханов сынды қатысушылар еншіледі.

Ерлер арасында өткен кол күресінде жиырмаға тарта спортшы қатысты. Бұнда Белқарағай ауылынан Олжас Еркінбекұлы үздік атанса, екінші және үшінші орындарды Аққайнардан Қайнар Жакыпов пен Қызыл Жұлдыздан Әділ Қасымханов өзара бөлісті.

Әйелдер арасында кол күресінде Аққайнардан Асылай Әлбақанға тең келер ешкім болмады, екінші орын Белқарағайдан Айкынгүл Қадыроваға, үшінші Топқайынан Назым Төпеноваға бұйырды.

Гір көтеруде бірінші орынды мерекеге сонау Астанадан жеткен Азамат Шүленбаев иеленді, екіншіні Катонқарағай ауылынан Талғат Абақанов еншілесе, үздік үштікті Аққайнардан Айқын Көпенев төмамдады.

Барлық сайыс жеңімпаздары мен жүлдегерлері грамота мен ақшалай сыйақыларға ие болды.

Серік Абай



## БЕРЕЛ ЖӘДІГЕРІ

# Сақ көсемінің ері: Ғылыми реконструкция нәтижесі

Бұл мақалада Шығыс Қазақстандағы Берел қорымының №11 қорғанынан табылған көне ерді ғылыми-көркем реконструкциялау барысы баяндалады. Зерттеу нәтижесінде ердің құрылымдық ерекшеліктері, жасалу технологиясы мен көркемдік болмысы қайта жаңғыртылып, көшпелілер өркениетінің жоғары деңгейдегі шеберлігі айқындалады.

Ұлы даланың қойнауында жатқан Берел қорымы өткен дәуірдің үнсіз шежіресі іспетті. 1998–1999 жылдары Берел қорымы аумағында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары барысында №11 қорған жан-жақты зерттелді. Қазбаға белгілі археолог Зейнолла Самашев жетекшілік етті. Зерттеу нәтижесінде сақ дәуіріне тән көсемнің және онымен бірге жерленген әйел адамның сүйектері анықталып, сонымен қатар ерекше рәсіммен көмілген 13 жылқы табылды. Жылқылар екі қабатқа орналастырылған: төменгі қабатта жетеуі, жоғарғы қабатта алтауы жатқан. Жылқы қаңқаларымен бірге табылған ат өзбелдерінің қалдықтары – ежелгі шеберліктің жарқын үлгісі. Мәңгі тоң қабатының әсерінен бұл бұйымдар жақсы сақталып, ғылыми зерттеулерге мол мүмкіндік берді.

Зерттеудің басты мақсаты – ердің бастапқы пішінін мүмкіндігінше дәл қалпына келтірумен қатар, оны жасау барысында түпнұсқаға барынша жақын материалдар мен технологияларды қолдану арқылы тарихи шынайылығын сақтау болды. Жұмыс барысында археологиялық деректер жан-жақты сараланып, түпнұсқа үлгілермен тікелей танысу жүзеге асырылды, сондай-ақ Зейнолла Самашевпен тұрақты ғылыми кеңес жүргізілді.

Алғашқы кезеңде ердің сақталған бөліктері мұқият зерттеліп, олардың өлшемдері, құрылымы және сәндік ерекшеліктері анықталды. Сақталған фрагменттердің ұзындығы шамамен 46–47 см болса, толық қалпына келтірілгендегі ұзындығы 50–58 см аралығында болғаны белгілі болды. Бұл көрсеткіштер оның Пазырық мәдениеті

үлгісіндегі жұмсақ ерлерге жататынын дәлелдейді.

Ердің сыртқы жапқышы қызыл түске боялған киізден жасалған. Оның бетінде аппликация тәсілі арқылы күрделі композициялық көрініс бейнеленген. Негізгі сюжет – қанатты, жолбарыс денелі мифологиялық жыртқыштың алып мүйізді бұғыға шабуылы. Сонымен қатар төменгі бөлігінде қанатты арқарлар бейнесі орын алған. Бұл көріністер ежелгі сақтардың дүниетанымы мен мифологиялық түсініктерін айқын көрсетеді. Бейнелер түрлі түсті киізден қиылып, жіңішке бұралған жіптермен көмкеріліп, нәзік кестелеу тәсілдерімен толықтырылған.

Құрылымдық тұрғыдан алғанда, Берел ері екі тері жастықтан тұратын жұмсақ ер түріне жатады. Жастықтар жүн, жылқы қылы немесе шөппен толтырылып, ішкі жағынан біріктірілген. Сыртқы бөлігінде белдіктер жүйесі – екі ұзын және бір кең құрсақ белдігі бекітілген.

Реконструкциялау үдерісі бірнеше кезеңнен тұрды. Алдымен графикалық үлгі жасалып, кейін табиғи өлшемдегі лекалдар дайындалды. Шикі теріден қажетті бөлшектер қиылып, жастықтар колмен тігілді. Олардың ішіне табиғи толтырғыштар салынып, былғары баулар арқылы сырып тігілді. Осылайша ердің негізгі құрылымы қалпына келтірілді.

Киіз жапқышты қайта жасау барысында қызыл киіз негізге алынып, жануарлар бейнесі жеке дайындалып, аппликация әдісімен жапсырылды. Шеттері түрлі түсті жіптермен көмкеріліп, астар ретінде қызыл мата пайдаланылды.

Ердің алдыңғы қастары да ерекше сәндік мәнге ие. Олар қызыл матамен қапталып, алтын фольгамен көмкерілген орнаменттермен безендірілген. Сонымен қатар ағаш бөлшектердің де алтынмен қапталғаны анықталды, бұл өз кезегінде ежелгі шеберлердің эстетикалық талғамының жоғары болғанын көрсетеді.

Жүргізілген ғылыми реконструкция нәтижесінде көне ердің құрылымы күрделі




әрі функционалдық тұрғыдан жетілгені, ал оның көркемдік безендірілуі жоғары деңгейде орындалғаны айқындалды. Бұл – сақ дәуіріндегі көшпелі қоғамда колөнердің, әсіресе ат өзбелдерін жасау өнерінің ерекше дамығанын дәлелдейді.

Берел қорымындағы №11 қорғаннан табылған ерді реконструкциялау – өткеннің үнін бүгінге жеткізген маңызды ғылыми еңбек. Ахметжан К.С. мен Ахметжанова Р.А. жүргізген бұл жұмыс көне көшпелілердің тек жауынгер ғана емес, сонымен қатар жоғары деңгейдегі шебер әрі талғампаз халық болғанын дәлелдейді.

Бұл зерттеу арқылы ер – жай ғана ат өзбелі емес, тұтас бір мәдениеттің, дүниетанымының және өнердің көрінісі екені айқындала түседі. Ал оны қайта жаңғырту – тарихпен тілдесудің, өткенді сезінудің ерекше бір жолы.

Перизат Шораева,  
“Берел” музей-қорығының қор сақтаушысы



### БАҚ-тың меншік несі:

«Шығыс ақпарат» ЖШС  
«Арайлы Катонқарағай» газеті  
Қазақстан Республикасы Мәдениет және  
ақпарат министрлігінің Ақпарат комитетінде  
тіркеліп, 2024 жылғы 8 тамызда  
№ KZ89VPY00098628 куәлігі берілген.

«Арайлы  
КАТОНҚАРАҒАЙ»

Бас редактор  
Тимур СМАҒҰЛОВ  
8 775-648-33-77

ШКО, Катонқарағай ауданы,  
Катонқарағай ауылы,  
К.Жампейісов көшесі 19/1 үй.  
e-mail:  
arai-luch@mail.ru

Хаттар мен қолжазбалар қайтарылмайды. Жарияланған материалдардағы пікір редакцияныкімен сәйкес келмеуі мүмкін. Редакция тапсырысымен жазылмаған материалдар үшін қаламақы төленбейді. ® белгісі қойылған материалдар коммерциялық негізде жарияланады. Материалдарды редакцияның келісімінсіз көшіріп басуға тыйым салынады.

Газет «Печатное издательство-агентство «Рекламный Дайджест» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Өскемен қаласы, Абай даңғылы, 20. Баспаханалық қызметтер: 75-44-78. 75-28-57.

Таралым 1200  
Көлемі 2 баспа табақ.  
Тапсырыс 13